



# QARAJANBAS

№3 • НАУРЫЗ • 2023



«ҚАРАЖАНБАСМҮНАЙ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

## АМАЛ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



«Қаражанбасмұнай» АҚ мұнайшылары таң атысымен табиғаттың оянып, жаңа жылдың басталуымен тұспа-тұс келетін мереке – Амал мейрамын қарсы алды. Бас директор Нұрсейіт Союнов бастаған компания басшылығы кен орнындағы жұмысшыларды көктемнің сәтті басталуымен құттықтады.

«Амал мейрамы - біздің ата-бабаларымыздың ежелден ерекше құрмет тұтқан маңызды мерекесі. Бұл адамдарды рухани тазалыққа шақырып, ұлттық құндылықтарды, келісім мен бірлікті нығайтуға ықпал ететін жақсылық пен татулық күні. Биылғы жыл игі істерді арттырып, әр үйге молшылық пен ырыс әкелсін!», - деп атап өтті ҚБМ Басқармасы құттықтау сөзінде.

Өндірістік басқарма жұмысшыларымен қатар амалды орталық кеңсе қызметкерлері де қарсы алды. Акт залында концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, талантты қызметкерлер өз өнерін ортаға салды. Қаражанбастықтар көтеріңкі көңіл-күйде бір-бірін көктемнің сәтті басталуымен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.



## БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР:

2  
бет

8 НАУРЫЗ – СҰЛУЛЫҚ ПЕН  
МЕЙІРІМДІЛІК МЕРЕКЕСІ

3  
бет

«ЕҢ ҚОНАҚЖАЙ ДЕПАРТАМЕНТ»  
ЖӘНЕ «ЕҢ ДӘМДІ НАУРЫЗ КӨЖЕ»

4  
бет

НОВЫЙ ОПЕРАТОРНЫЙ  
ПУНКТ ПРИДАСТ ИМПУЛЬС  
ПРОИЗВОДСТВЕННЫМ ПРОЦЕССАМ  
ҚАРАЖАНБАС МҮНАЙШЫЛАРЫ  
«ҒАЖАЙЫП АЛАҢДА»

5  
бет

ҚАРАЖАНБАСТА ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ  
КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

6  
бет

ҚАРАЖАНБАС МҮНАЙШЫЛАРЫ  
ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

7  
бет

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІМЕН!

8  
бет

АУЫР ӨНДІРІС ПЕН АРУ ҒҰМЫР  
«ЧЕЛОВЕК ТРУДА» КУРАЛБЕК ТАНБАЕВ

9  
бет

ҚАРАЖАНБАС АРДАГЕРЛЕРІ  
ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ  
ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН

10  
бет

ОҚУ ДАБЫЛЫ  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ БИТВА  
СРЕДИ ЖЕНЩИН

11  
бет

ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИНІҢ БІРІНШІ  
ТОҚСАНЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ  
НЕФТЯНИК ҚАРАЖАНБАСА –  
ПОБЕДИТЕЛЬ РЕСПУБЛИКАНСКОГО  
ТУРНИРА ПО САМБО

12  
бет

РАМАЗАН АЙЫ КЕЗІНДЕГІ  
ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ





## 8 НАУРЫЗ – СҰЛУЛЫҚ ПЕН МЕЙІРІМДІЛІК МЕРЕКЕСІ

«Қаражанбасмұнай» мұнайшылары еңбек ұжымындағы нәзік жандыларды 8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады. Өндірістік басқарма мен орталық кеңсе қызметкерлерінің аруларына жылы лебіздер айтылып, мерекелік марапаттар табысталды.

Таң атысымен орталық кеңсенің ер азаматтары қыздар қауымын шоқ гүлдермен қарсы алды. Әйелдерге арналған шара жарқын концерттік бағдарламаға ұласты. Аруларды көктемнің көрікті мерекесімен дәстүрлі құттықтау ҚБМ әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі.

«Бұл мереке әйелдердің қоғам дамуындағы маңызды рөліне арналған. Атаулы күн сұлулықтың, нәзіктіктің, жақсылық пен сезімталдықтың бейнесі болып қала береді. Сіздер отбасының қамын ойлай жүріп, қызметте де толағай табыстарға жетіп келесіздер. Сондықтан да қазақ халқы «Әйел бір қолымен бесікті, ал екінші қолымен әлемді тербетеді» деген мақалды бекер айтпаса керек», - деп атап өтті ҚБМ басшылығы құттықтау сөзінде.

Қаражанбас кен орнының өндірістік объектілерінде, сондай-ақ компанияның орталық кеңсесінде саланың дамуына жүздеген мұнайшы-әйел орасан зор үлес қосып келеді. Олардың даналығы, энергиясы, жасампаз еңбегі кез-келген қиындықты жеңуге және өсу мен даму жолында сенімді түрде алға жылжуға көмектеседі.



## «ЕҢ ҚОНАҚЖАЙ ДЕПАРТАМЕНТ» ЖӘНЕ «ЕҢ ДӘМДІ НАУРЫЗ КӨЖЕ»



«Қаражанбасмұнай» АҚ мұнайшылары Амал мерекесін зор қуанышпен, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды. Орталық кеңседе қызметкерлер арасында «Ең қонақжай департамент» және «Ең дәмді наурыз көже» аталымдары бойынша сайыс ұйымдастырылды.

Жарысқа әр департамент ерекше дайындалды: олар ұлттық киім киіп, төс қағыстырып көрісті, ұлттық тағамдардан дәм татты, ән айтып, күй тартып, салт-дәстүрге сай көріністер көрсетті. Мерекелік атмосфера жұмысшыларға жарқын эмоция сыйлады, ал қатысушылар шеберлігін қазылар алқасы бағалады.

«Ұзақ үзілістен кейін біз басты мерекелер - Амал мен Наурызды кең көлемде атап өтіп жатырмыз. Ғасырлар бойы ол адамдарды бірлікке шақырып, қуаныш пен жылулық сыйлап келеді. ҚБМ қызметкерлері өте жақсы дайындалып, шығармашылық шеберлігін паш етті», - деп атап өтті қазылар алқасының мүшелері.

Мысалы, заң департаменті қазақ халқының қонақжайлылығын көрсетті. Технологиялық көлік департаменті «Тұсау кесу» рәсімін өткізді. Өзге департаменттер де кең дастархан жайып, ұлттық тағамдар мен ежелгі бұйымдар тарихынан сыр шертті.

Сайыс қорытындысы бойынша сатып алу және материалдық техникалық жабдықтау департаменті «Ең қонақжай департамент» атанды. Ал, «Ең дәмді наурыз көже» дайындау бойынша әкімшілік-шаруашылық жұмыстар департаменті үздік деп танылды.



## НОВЫЙ ОПЕРАТОРНЫЙ ПУНКТ ПРИДАСТ ИМПУЛЬС ПРОИЗВОДСТВЕННЫМ ПРОЦЕССАМ



14 марта, на месторождении Каражанбас введен в эксплуатацию новый пункт оператора Цеха добычи нефти №2. Объект возведен с целью оптимизации производственного процесса и повышения результативности. В нем имеются все необходимые условия для поддержания стабильности системы контроля и управления. В церемонии открытия операторного пункта приняли участие генеральный директор АО «Каражанбасмунай» Нурсейит Союнов, руководство производственного управления и трудовой коллектив.

*«В последние годы особое внимание уделяется улучшению условий труда работников. Безусловно, и открытие новой операторной положительно скажется на производительности»,* — отметили работники ЦДН №2.

Под контролем ЦДН №2 действуют 706 скважин, ежесуточный объем добычи составляет 1760 тонн. Всего в цехе работают 6 бригад. К слову, в будущем на данном участке планируется строительство групповой замерительной установки (ГЗУ) №36.



## ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ «ҒАЖАЙЫП АЛАНДА»

Қаражанбас кен орнында «Ғажайып алаң» зияткерлік сайысы қайта жанданды. Ұлыстың Ұлы күніне орай ІІ вахта жұмысшыларының білімі мен ой жүйріктігін сарапқа салған дода қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын насихаттауға бағытталды.

Ойын ережесі бойынша әртүрлі цехтардың үмітін арқалаған 9 қатысушы үшке бөлініп, іріктеу кезеңінде бақ сынады. Олардың әрқайсысы жасырылған сөзді қарсыластарынан бұрын тауып, көп ұпай жинауға тырысты. Үштіктен үздік шыққандар ақтық кезеңге жолдама алды.

*«Біз «Ғажайып алаңда» миға шабуыл жасап, білімімізді жетілдіреміз. Бұл жолы мерекеге орай қазақтың ескі салт-дәстүрлерін еске түсіріп, құпия сөздердің мағынасын ашуға тырыстық. Жұмыстан тыс уақытымызды осындай сайыстарға арнап, тиімді өткізгенімізге қуаныштымыз»,* - дейді мұнайшылар.

Тартысты бәсекеден көрермендер де құр алақан қайтқан жоқ. Сайыс барысында залға жиналған мұнайшылар арасында лотерея ұйымдастырылды. Ал негізгі жарыс қорытындысына сәйкес, №1 мұнай өндіру цехының операторы Марат Бекешов супер финалда жеңіске жетті. Жүлдегерлер мен жеңімпаздарға естелік сыйлықтары тарту етілді.




## ҚАРАЖАНБАСТА ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

Қаражанбас кен орнында мұнайшылар көктемнің жарқын мерекесі – Өз-Наурызды қуанышпен қарсы алды. Бұл жолы олар Ұлыстың Ұлы күнін ауқымды атап өтті. Дәстүр бойынша әуезді әндер шырқалып, күй күмбірлеп, ұлттық тағамдар ұсынылды. Вахталықкенттегі думанды той қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымен жарасым тапты. Компания басшылығы еңбек ұжымын ғасырлық тарихты бойына сіңірген көктем мерекесімен құттықтады.

*«Амал мен Наурыз - біз әрқашан ерекше қуанышпен қарсы алатын маңызды мерекелер. Табиғаттың қайта оянған шағында олар рухани құндылықтарды нығайтады, молшылық әкеледі. Бір шаңырақ астындағы компаниямыз әрқашан биік белестерден көрініп, өркендей берсін! Мереке құтты болсын!»*, - деп атап өтті басшылық.

Мерекеде кен орнына арнайы ат басын бұрған «Қазақконцерт» ұжымының мерекелік кеші іс-шараның «інжу-маржанына» айналды. Мұнайшылар эстрада жұлдыздарының ең үздік әндерімен сусындап, көңілді күйге бөленді. Концертпен қатар вахталық кент аумағында ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар өтті. Жұмысшылар арқан тарту, қой көтеру, қазақша күрес және ләңгі тебуден сынға түсті.

Осылайша еңбек ұжымы жұмыс ауысымынан соң мерекені жоғары деңгейде атап өтті. Ұлттық нақышта безендірілген киіз үйлерде ұсынылған наурыз кеше мен бауырсақтың бал дәмі мұнайшыларды тамсандырмай қоймады. Ұлыстың Ұлы күні қаражанбастықтар бір-біріне шын жүректен амандық, молшылық пен жақсылық тілеп тарқасты.



## ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

19 наурыз күні «Қаражанбасмұнай» АҚ мұнайшылары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттары сайлауында дауыс берді. Таң атысымен өндірістік цехтар мен бөлімшелер қызметкерлері Қаражанбас кен орнының вахталық кентінде орналасқан №236 сайлау учаскесіне келді.

Дәстүр бойынша, Мемлекеттік әнұран орындалып, мұнайшылар дауыс беруге кірісті. Алғашқылардың бірі болып ҚБМ Бас директоры Нұрсейіт Союнов бастаған компания басшылары өздерінің конституциялық құқықтарын пайдаланды.

Қаражанбастықтардан жоғары жауапкершілік патриоттық сезім анық байқалады. Бақылаушылар сайлаушылардың белсенді дауыс беріп жатқанын, ұйымдастыру деңгейінің жоғарылығын атап өтті.

«Бүгін біз әділдік пен тәртіп үшін дауыс бердік. Сайлау нәтижесі саяси жаңарудың айқын үлгісі болуы керек. Сондықтан әрбір азамат еліміздің болашақ тағдырына өз үлесін қосуы қажет», - деді №3 МӨЦ операторы Қайрақ Жарылғас.

Жалпы, сайлау барысы патриотизм мен бірлік атмосферасында өтіп жатыр. Айта кету керек, вахтааралық демалыста жүрген қаражанбастықтар да орталық кеңсе қызметкерлері сияқты тұрғылықты жері бойынша учаскелерде дауыс береді.



## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІМЕН!



жайылып, жұмысшылар Ұлы күннің басты нышаны - Наурыз көжеден дәм татты. Мереке жергілікті өнер иелерінің концерттік бағдарламасына ұласты.


Шарада персоналды басқару және еңбекақы төлеу департаментінің қызметкерлері қазақ халқының салт-дәстүрінен көрініс сахналады. Сондай-ақ «Тұсау кесу» рәсімі аясында үлкендер ақ бата беріп, баланың қадамына сәттілік тіледі.

Домбыра күмбірі мен туған жерге арналған әндер мереке ажарын аша түсті. Мұнайшылар «қара жорға» билеп, бой сергітті. Бұдан бөлек олар спорттық жарыстарға қатысып, арқан тарту, ләңгі тебу және садақ ату сайыстарында бақ сынады. Ұлыстың Ұлы күнінде салтты сақтап, қазақылықты дәріптеу - қаражанбастықтар үшін игі дәстүрге айналған.

Наурыздың сан ғасырдан сақталған дәстүрлері халықтың рухани құндылықтарын бір арнаға тоғыстырып, бабадан балаға мирас болып келеді. «Қаражанбасмұнай» АҚ мұнайшылары атаулы күнді бүкіл елмен бірге ақ тілекпен, ізгі ниетпен қарсы алды.

Орталық кеңсе аумағында Ұлыстың ұлы күні – Өз Наурыз сән-салтанатпен атап өтілді.

ҚБМ қызметкерлері бір-бірін мерекемен құттықтап, елге амандық, еңбектеріне жеміс тіледі. Кеңсе алдындағы киіз үйлерге мол дастархан



## АУЫР ӨНДІРІС ПЕН АРУ ҒҰМЫР

«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) жұмысшылары арасында еліміздің мұнай-газ секторына зор үлес қосып жүрген бір топ әйелдер де бар. Олар қиын да қызықты саланы серік етіп, ерлермен иық теңестіре абыройлы еңбек етіп келеді. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай біз сіздерді Қаражанбас кен орнының өндірістік объектілерінде жұмыс істейтін нәзік жандылармен таныстырамыз.

Гүлайым Ноғаева өмірінің отыз жылға жуық уақытын қара алтын игеру саласына арнаған білікті маман. Қаражанбастағы еңбек жолын іс жүргізуші болып бастаған ол, кейін кадр бөлімінің маманы, мұнай өндіру цехының операторы сияқты қызметтерді атқарды.

«Әйел адам үшін вахтаға барып, үйден жырақ жүру қиындық туғызуы мүмкін. Дегенмен мамандыққа деген махаббат арқасында Қаражанбас біздің алтын ұямызға айналды. Жылдар бойы мол тәжірибе жинап, маман ретінде шыңдалған кен орнымызды көркейту үшін әлі де қызмет етуге барымызды саламыз», - дейді Г.Ноғаева.

Бүгінде кейіпкеріміз орталық инженерлік-технологиялық қызметте өндірістік деректер диспетчері болып жұмыс істейді. Ол кен орнының әртүрлі учаскелерінде өндірілетін мұнайдың, газдың, су мен будың тәуліктік көрсеткіштерін тіркейді. Жауапты қызмет иелері шынайы құрметке лайық.

«Әйел бар жерде әрдайым үйлесімділік, татулық және өзара түсіністік бар. Біздің энергиямыз мұнай саласының қозғаушы күші деп ойлаймын. Мереке құтты болсын, құрметті әріптестер!»,- дейді ол.

Әйел – үйде аяулы ана, сүйікті жар, шаңырақтың ұйытқысы. Ал қызметте жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындайтын маман. Қай саланың тізгінін ұстаса да Отан мен отбасының өркендеуі әйелдер қауымына тікелей байланысты.



## «ЧЕЛОВЕК ТРУДА» КУРАЛБЕК ТАНБАЕВ



За плечами тружеников Каражанбаса стоят годы кропотливого труда, профессионализма и сплоченности. Сегодня они являются заслуженными специалистами своего дела, внесшие большой вклад в развитие нефтегазового сектора региона.

Один из них - оператор 6 разряда цеха добычи нефти №2 (ЦДН 2) Куралбек Танбаев. Он посвятил отрасли 35 лет своей деятельности, в том числе 20 лет – на месторождении Каражанбас. Высокопрофильный специалист обеспечивает надёжную работу всех технологических средств и установок на производственных объектах, следит за их эксплуатацией и объемом добычи.

«Самое главное в нашей работе – это ответственность. От малейших движений зависит весь технологический процесс. Осознавая всю важность нашей деятельности, мы и впредь будем сплоченно трудиться на благо развития родного края», - говорит К.Танбаев.

Нефтяники, которые обладают глубокими знаниями, огромным опытом, ответственностью всегда ведут компанию к успеху. Такие передовики производства как наш герой переживали и тяжелые времена в не лучших условиях, но продолжали верить в будущее месторождения.

## ҚАРАЖАНБАС АРДАГЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Мұнайлы мекеннің қара алтын игеру саласына үлес қосқан ардагерлерді ардақтау - «Қаражанбасмұнай» АҚ-да (ҚБМ) ұзақ жылдардан бері қалыптасқан игі дәстүр. Компания құрметті демалыстағы зейнеткерлерге үнемі көңіл бөліп, әлеуметтік қолдау көрсетеді. Басшылық бұл жолы да Ұлыстың Ұлы күнімен қатар келген Рамазан айында өмірін өндіріспен өрнектеген 500-ге жуық ардагердің басын қосты. Алдымен ҚБМ Басқармасы зейнеткерлерді мерекелермен

құттықтап, алғысқа толы жылы лебізін жеткізді. Одан соң компанияның кешегісі мен қазіргі тынысы қамтылған бейнероликтер көрсетілді. Ардагерлер жүріп өткен жолынан тағылымды естеліктер айтып, жас буынға жігерлі сөздерін жеткізді. Қаражанбастың жаңа нұсқада өңделген әнұраны шырқалған сәтте аға буын қызметтегі жылдарына сапар шегіп, ерекше әсер алды. «Біз талай қиындыққа мойымай, бойымыздағы ынта-жігер мен ауызбіршілік арқасында кездескен кедергілерді

абыроймен еңсере алдық. Сүйікті кен орнымызды қазіргі мұнайшылар буыны одан әрі дамытады деп сенеміз. Оларға компания тұрақтылығын сақтау және өркендету үшін зор жауапкершілік жүктелген. Аға буынды ардақтап, көрсетіп жатқан құрмет пен қамқорлығыңызға рақмет. Мереке құтты болсын!», - деп атап өтті ардагерлер. Зейнеткерлерге құрмет ретінде мерекелік себеттер табыс етілді. Іс-шара өлке өнерпаздарының шағын концертіне ұласты.



## ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН



Қаражанбас талай еңбек адамдары бір толқында тоғысқан ірі өндіріс ошағы. Олардың әрқайсысы Маңғыстау мұнайын игеруге сүбелі үлес қосып, саланың майталман маманына айналуы мақсат еткен. Адал еңбек пен адами құндылықтарды басты ұстанымға айналдырған қаражанбастықтар үкелге құрмет көрсетіп, жастардан ізетін аямайды. Компанияда қалыптасқан игі дәстүрге сәйкес, пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехының (ПЖИЖЦ) еңбек ұжымы 6-дәрежелі электргазбен дәнекерлеуші Қанат

Күнғараевты құрметті демалысқа шығарып салды. Цех басшылығы зейнет жасына жеткен ардагерге кен орнын дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ әріптестер атынан өмірдің жаңа белесіне сәттілік тілеп, шапан жауып, естелік сыйлықтар табыс етті.

Қанат Күнғараев 22 жылдан бері ПЖИЖЦ-да табан аудармай еңбек етіп келеді. Ол жұмысқа кіріскен шақтан бастап жылжымалы дәнекерлеу аппаратын бес саусағындай меңгеріп, күн сайын бірнеше өндірістік объектіде жұмыс істейді. Ұзақ жылғы тәжірибе арқасында білікті маман кез келген қиындықтағы дәнекерлеу жұмыстарын тез әрі сапалы орындауға машықтанған. Кейіпкеріміз жарқын да еселі еңбек жолы арқылы саланы дамытып, қара алтын өндірушілердің қуатты буынын қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосты.

«Қызметке құштарлықпен кіріскенде уақыттың қалай тез өткенін байқамай қалады екенсің. Елім үшін еңбек ете жүріп, соңғы вахтама келгенімді де аңғармаппын. Қаражанбас менің үлкен тәжірибе мектебіме айналып, ұжымдастар туысымдай болып кетті. Жасымды, өзімді сыйлап, көрсетіп жатқан құрметіне шексіз алғысымды білдіремін», - деді ол.

Енді Қанат Күнғараев үшін ғибратты ғұмыр кітабының жаңа парағы ашылады. Десек те, алпыстың асқарынан асқан адал еңбек иесі ұйымшыл ұжымы туралы үнемі мақтанышпен айтып отыратынын жеткізді. Әріптестерінің ыстық ықыласына риза болған ардагер, ізбасарларына өсиетпен өрілген ақ батасын берді.

## ОҚУ ДАБЫЛЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ орталық кеңсесінде оқу дабылы қағылды. Мақсат - қызметкерлердің тактикалық әрекеттері дайындығын пысықтау және үйлестіру, сондай-ақ ғимараттың өрттен қорғау жүйесі жұмысын тексеру.

Жоспарға сай, алдымен Заң департаментіне қарасты кабинетте шартты өрт түтіні пайда болды. Одан соң лезде Ақтау қаласының өрт сөндіру қызметіне хабарлама беріліп, дабыл қағылды. Сәйкесінше кеңседен ҚБМ-ның 300-ге жуық қызметкері эвакуацияланды. Ғимараттың электр қуатын ажырату арқылы шартты түтінді сөндіру жұмыстары жүргізілді.

Бұдан соң компанияның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау департаментінің қызметкерлері мен «Семсер Өрт Сөндіруші» ЖШС мамандары өрт сөндіру құралдарын қолдану бойынша нұсқаулық өткізді.

Аталмыш оқукеңсе қызметкерлерінің өрт кезінде іс-әрекеттерін пысықтап, өртке қарсы қызметтің жауапты мамандарының кәсіби даярлығын арттыруға мүмкіндік берді.

## ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ БИТВА СРЕДИ ЖЕНЦИН

В честь Международного женского дня 8 марта, на месторождении Каражанбас состоялся интеллектуальный конкурс «Что? Где? Когда?» среди работниц I вахты. В этот раз за столом знатоков расположилась команда из числа женщин, трудящихся в разных производственных цехах.

Согласно правилам, участникам было задано 13 вопросов, касательно национальных ценностей, домашней утвари, кухни и т.д. Игроки должны были ответить на каждый вопрос в течение 1 минуты. За каждый правильный ответ начислялось одно очко. Соответственно, в случае, когда знатоки отвечали не верно, очки шли в пользу зрителей зала.

«Игра была очень интересной и увлекательной. Мы с пользой провели досуг после рабочих смен, повторили подзабытые программы, узнали много нового. В ходе игры мы старались максимально сплоченно и организованно отвечать на вопросы», отметили участницы.

Работницы разных производственных цехов, используя весь свой опыт, знания и интуицию сумели ответить верно на большинство вопросов, в результате чего превзошли команду зрителей. Так, в адрес победительниц звучали поздравления и овации, вместе с тем вручены памятные подарки.



## «ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Қаражанбаста мұнайшылар арасындағы волейбол турнирінің алғашқы тоқсаны мәреге жетті. Чемпиондық атаққа таласқан 7 цех құрамасының 50-ге жуық жұмысшысы үш ай бойы тартысты ойын көрсетіп, өз командасының намысын абыроймен қорғады.

Финалдық бәсекеде бұған дейінгі кезеңдерде мықты ойынымен ерекшеленіп, ұпай санымен басым түскен қос команда кездесті. Пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехы (ПЖИЖЦ) мен №3 мұнай өндіру цехы (№3 МӨЦ) командалары чемпион атану үшін ерекше дайындықпен келген. Олар бұл жолы да бәсекеге толы ойын көрсетіп, тың әдістерімен, жарқын голдарымен жанкүйерлердің қолдау-қошеметіне ие болды.

Қорытындыға сәйкес, ПЖИЖЦ командасы 2:0 есебімен жеңіске жетті. Ал тоқсандық нәтиже бойынша ардагерлер командасының ойыншысы Исладин Байсегізев – «Үздік қорғаушы», ПЖИЖЦ командасының ойыншысы Демей Мырзабеков – «Үздік байланыстырушы», №3 МӨЦ командасының ойыншысы Жомарт Әскербаев – «Үздік шабуылшы» атанды. Марапаттау рәсіміне қатысқан өндірістік басқарма директоры Кәрім Бозахаров жеңімпаздарды құттықтап, ауыпалы чемпиондық кубок пен кәсіподақ ұйымы атынан сыйлық сертификаттарын табыс етті. Айта кетейік, турнирдің келесі кезеңдері жыл соңына дейін жалғасын табады.

## ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИНІҢ БІРІНШІ ТОҚСАНЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ



## НЕФТЯНИК КАРАЖАНБАСА – ПОБЕДИТЕЛЬ РЕСПУБЛИКАНСКОГО ТУРНИРА ПО САМБО



Нефтяники АО «Қаражанбасмұнай» (КБМ) не перестают удивлять своими талантами и спортивными достижениями. Моторист Департамента технологического транспорта (ДТТ) Бауыржан Есболаев стал победителем открытого республиканского турнира по самбо среди мастеров спорта, посвященного памяти заслуженного тренера РК Батыра Куанышева. В соревнованиях приняли участие 15 команд, а это более 200 спортсменов со всех уголков страны.

Бауыржан работает на Каражанбасе более 10 лет. Он отвечает за исправную работу двигателей многотонной колёсной техники. После трудовых смен, наш герой спешит в спортивный зал, где проводит время тягая железо. Как правило, работа над собой приносит свои результаты.

«В масштабных соревнованиях, где принимают участие сильнейшие мастера, безусловно, вырваться вперед дело не из простых. Однако благодаря наставлениям моего тренера Сандибека Дуйсенбекова и поддержке коллектива, я сумел одержать победу. Уверен, что впереди нас ждут большие свершения», - говорит чемпион.

Каждые, даже небольшие достижения, придают уверенности и прокладывают путь к большим победам. Сейчас Бауыржан активно готовится к чемпионату РК, который пройдет в мае в Семее, а дальше не за горами и первенство Азии.

## НАУРЫЗ АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

### 60 жас

02.03.1963 жыл, Жандаулетұлы Ермұқан,

Электр цехының электромонтері

02.03.1963 жыл, Кенжебаев Тарғын Жұмағұлұлы,

ТҚД жүргізушісі

04.03.1963 жыл, Мугаев Берік Ерікұлы,

Тауарларды қабылдау және орталық жеткізілім учаскесінің аға инженері

06.03.1963 жыл, Оразов Сәрсенғали Ыбырайұлы,

Жылу және сумен қамту цехының шебері

09.03.1963 жыл, Байдуллин Серік Тұрашұлы,

Бұрғылау учаскесінің бұрғышы көмекшісі

10.03.1963 жыл, Чалақ Самания,

№1 Ұңғыларды күрделі және жерасты жөндеу цехының бұрғышы көмекшісі

10.03.1963 жыл, Зубенко Геннадий Сергеевич,

Пайдалану жабдықтарын икемдеу- жөндеу цехының

электргазбендәнекерлеушісі

14.03.1963 жыл, Таңатов Арыстанбай Сыдықұлы,

№1 Ұңғыларды күрделі және жерасты жөндеу цехының бұрғышы көмекшісі

14.03.1963 жыл, Төлеуов Наурыз Жантақатұлы,

№1 Ұңғыларды күрделі және жерасты жөндеу цехының жүргізушісі

15.03.1963 жыл, Сейдалиев Жұмағұл,

Бу өндіру цехының машинисі

26.03.1963 жыл, Айтжанов Махсет Рахманұлы,

Электр цехының электромонтері

26.03.1963 жыл, Әділбаев Есекен Инербайұлы,

Жылу және сумен қамту цехының операторы



### 50 жас

08.03.1973 жыл, Джиренов Аманкелді Сағынбекұлы,

Бу өндіру цехының жөндеуші-слесарі

14.03.1973 жыл, Танбаев Наурызғали Мендіғалиұлы,

газ цехының слесарі

17.03.1973 жыл, Далмағанбетов Бердібек Тұрақбайұлы,

№1 автотізбек жүргізушісі

23.03.1973 жыл, Жұмағалиев Бисенбай Оңғарұлы,

№4 автотізбек машинисі

25.03.1973 жыл, Дүйсеков Есен Айқынбайұлы,

Оңтайландыру және тиімділікті арттыру бөлімінің аға экономисі

27.03.1973 жыл, Дүйсенбеков Бекбол Сисенғалиұлы,

№4 автотізбек машинисі

27.03.1973 жыл, Дашдамиров Фаррух Гюльмир Оғлы,

№1 Ұңғыларды күрделі және жерасты жөндеу цехы бұрғышысы

28.03.1973 жыл, Мыңбаев Сахабат Қалымбайұлы,

№4 автотізбек моторисі



### Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,

Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.

Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,

Артылып абыроймен беделіңіз!



## РАМАЗАН АЙЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

**Рамазан** айында мұсылмандар таң атқаннан кеш батқанға дейін, тамақ пен су ішуден бас тартады. Бұл айда адамдар өз әрекеттерін бақылап, шек қоюға үйренеді, арсыз ойлар, бос сөздер мен жаман іс-әрекеттерден аулақ болуы қажет.

Күндіз ішіп-жеуден бас тартқандықтан, адам ағзасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Бұл әдетте қан құрамындағы қант пен холестеринның уақытша төмендеуіне және ағзаның сусыздануына алып келеді. Осы себепті сіз шаршағанды және ашушаңдықты, бас ауруы мен айналуын, қарныңыздың ашқанын, зейін қою қабілетінің төмендегенін сезінуіңіз мүмкін.

Келесі кеңестерге сүйене отырып, сіз физикалық ыңғайсыздық сезімін азайтып, Рамазан айының рухани мәніне толықтай назар аудара аласыз:

**Тамақтану.** Осы айда сіздің тамақтануыңыз әдеттегіден қатты өзгермеуі тиіс және мейілінше қарапайым болуы қажет. Оның құрамына ет, құс, балық, жемістер, көкөністер, нан, дәнді дақылдар мен сүт тағамдары кіргені абзал. Әрқашан сәресін ішіңіз (таң сәрідегі ас), тағамның ұзақ қорытылуы үшін күрделі көмірсуларды жеу қажет. Оларға құрма (қант, көмірсу, калий мен магний көзі), бадам (протеиндер көзі) және банан (калий, магний мен көмірсулардың көзі) жатады. Майлы және қуырылған тамақтарды, сондай-ақ құрамында қанты көп тағамдардан бас тартыңыз. Артық тамақтанбаңыз. Ағзадағы сұйықтық деңгейін ұстап тұру үшін кешке көп су ішіңіздер. Кофені, құрамында кофеині бар газдалған салқындатқыш сусындарды тұтынбаңыз. Сәресі (сухур) кезінде өте көпсуішуден аулақ болыңыз (мұныңсалдарынан ағзамызданкүнібойы тонусты ұстап тұруушін қажет минералды тұздар шайылып кетеді).

**Ұйқы.** Ораза кезінде тамақтану ғана емес, ұйқы тәртібі де өзгереді. Ұйқының қанбауы күндізгі уақытта жұмысқа қабілеттіліктің бұзылуына, ашушаңдық, ұмытшақтық, ұйқышылдыққа алып келеді. Денсаулығы және өзін жақсы сезінуі үшін адам үзбей 7-8 сағат ұйықтауы қажет. Ұйқыға жеткілікті уақыт бөліңіз. Кеш жату ұйқы қанбауына және шаршаудың жиналуына әкеледі. Егер бір күні ұйқыңыз жеткіліксіз болса, келісі түн орнын толықтыруға тырысыңыз.

**Шаршау.** Шаршаудың белгілері қатарына есінеу, көз шаршауы, зейінсіздік, ұйқышылдық және реакцияның баяулауы жатады. Шаршасаңыз, әріптестеріңізден көмек сұраңыз, бір-біріңізге көмектесіңіз, егер қауіпті жұмысты орындауға шамаңыз жетпесе, басшыңызға хабарлаңыз. Жұмысыңызды дұрыс жоспарлап, жұмыс орнында ықтимал қауіпті факторларды анықтау қажет. Ең қиын жұмыстарды таңертеңгі уақытқа, зейін қою қабілетіңіздің дәрежесі жоғары болған кезге жоспарлаңыз. Егер сізде қандай да бір сырқат болса немесе өзіңізді нашар сезінсеңіз, алдымен дәрігермен кеңесу керек, себебі бойыңыздағы ауру жағдайыңызды одан сайын нашарлатады. Күндіз күн астында жүруді шектеңіз. Өзіңіздің және әріптестеріңіздің қауіпсіздігіне көңіл бөліңіз. Көлік жүргізгенде аса сақ болыңыз. Шаршасаңыз немесе ауырып тұрсаңыз, көлік жүргізбеңіз. Оның орнына автобус немесе таксиды қолданыңыз.



Рамазан мүбәрак болсын! Ораза айы қауіпсіз өтсін!



# QARAJANBAS

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ КОРПОРАТИВТІК  
БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы:

«Қаражанбасмұнай» АҚ

Мекен-жайы:

130000 Қазақстан Республикасы,  
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,  
4 ғимарат

Шығарылымға жауаптылар:

**Себасов М.Б.** – Әлеуметтік жұмыс  
департаменті Директорының орынбасары,  
**Телефон:** 8 (7292) 473871  
**E-mail:** M\_Sebasov@kmb.kz

**Шаршова Е.А.** – баспасөз хатшы  
**Телефон:** 8 (7292) 473002  
**E-mail:** Y\_Sharshova@kmb.kz

**Түзелбай А.А.** – журналист  
**Телефон:** 8 (7292) 473072  
**E-mail:** A\_Tuzelbay@kmb.kz

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,  
№15740-Г күәлігі берілген

Газет ай сайын шығады  
Таралымы 700 дана.

Газет «Adver.kz» ЖШС  
баспаханасынан шықты.

Мекен-жайы:

130000, Қазақстан Республикасы,  
Ақтау қаласы, 3 Б ш/а, 55/7 ғимарат  
**Тел.:** 8 (7292) 507 000  
**Сайт:** www.adver.kz